



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Адам құқықтарын халықаралық
қорғау. 3-бөлім



Еуропа. Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы Еуропа Кеңесінің қамқорлығы аясында әрекет етеді. Еуропа Кеңесі 1949 жылы Еуропаның Мемлекетаралық және парламентаралық ынтымақтастығын қолдау мен дамыту жөніндегі ұйымы ретінде құрылған. Оның мақсаты – Жарғысының 1-бабында айтылғандай, қатысушы мемлекеттердің арасында ортақ мұра болып табылатын мұраттар мен қағидаттарды қорғау және жүзеге асыру үшін мүмкіндігінше бірлікке қол жеткізу, мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік прогресіне көмек көрсету. Еуропа Кеңесінің қағидаттары (принциптері) плюралистік демократиядан, адам құқықтары мен заң нормаларын құрметтеуден тұрады. Оның Басшы органдары – қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінен құрылған Министрлер комитеті мен мемлекеттік парламенттердің мүше делегаттарынан тұратын Парламент Ассамблеясы. 1999 жылы Еуропа Кеңесі Адам құқықтары жөніндегі комиссарды тағайындады. Ол Бас хатшылықтың аясында қызмет адам құқықтары саласындағы білім мен тәлімді кеңінен тарату жолында жұмыс істейді. Уәкілетті тұлға, сонымен қатар, оқиға орнына іссапарға шыға алады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясына 1950 жылдың 4 қарашасында қол қойылып, 1953 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. Қазіргі кезде заңды күшінде тұрған 14 хаттамаға қоса алғанда, бұл құжат азаматтық және саяси құқық саласының көптеген қырын қамтиды. Конвенцияның преамбуласында Еуропа мемлекеттерінің ой-пікірі ұқсас екені және саяси дәстүрлік мұрасы, мұраттары, бостандықтары мен құқықтық нормалары ортақ екені айтылған. Конвенцияға енген құқықтар арасында өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдыққа тыйым салу, еркіндік пен жеке бастың қауіпсіздік құқығы, істі заң негізінде құрылған әділ және тәуелсіз сот қолайлы мерзімнің ішінде әділ және жария түрде қарауы, жеке және отбасылық өмірге құрмет, ой, ар-ождан, діни бостандық, пікір білдіру еркіндігі, жиналысқа қатысу мен қауымдастық құру еркіндігі, некеге тұру мен отбасын құру құқығы, осы конвенцияда аталған құқықтар мен бостандықтардың бірі бұзылса, мемлекеттік билік алдында тиімді құқық құралдарына қолжетімділік құқығы бар.

Сонымен қатар, Конвенция аясында қорғалатын негізгі құқықтар 14 хаттаманың негізіндегі құқықтармен толықтырылды. Мысалы, №1 хаттамада меншік, білім алу құқықтары мен құпия жолмен сайлау еркіндігі туралы айтылады. №4 хаттама ақшалай қарызы үшін түрмеге қамауға тыйым салып, көшіп-қону еркіндігі мен тұрғын үй таңдау құқығы, өз еліне қайта оралу құқығын қорғайды. №6 хаттамада өлім жазасына тыйым салады. Ал №7 хаттамада мемлекетте заңды негізде тұрып жатқан шетел азаматы заңға сәйкес қабылданған сот шешімі болмаса, басқа кезде ол елден депортация жасамау мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, қылмыс жасағаны үшін сотталған тұлға сот үкіміне келіспесе, жоғарғы инстанциядағы сотқа шағым түсіруге құқығы бар. Сотталған немесе ақталған адам сол қылмысы үшін қайта сотталмайды. Ал №12 хаттамада дискриминацияға тыйым салады.

Басқа да халықаралық шарттар сияқты, Еуропа конвенциясы да қатысушы мемлекеттерді қабылданған нормаларды сақтауға міндеттейді. Бұл орайда конвенцияда оған қатысушы мемлекеттер конвенция нормаларын ішкі құқық жүйесінде қалай орындауы керек екені айтылмаса да, қатысушы мемлекеттердің бәрі бұл конвенция ішкі құқық нормаларына енгізген. Бұл туралы Еуропа соты былай дейді: «Бұл конвенция классикалық халықаралық шарттар сияқты емес, ол қатысушы мемлекеттер арасындағы жай ғана өзара әрекет негіздерін көрсетеді. Конвенцияда көпжақты және екіжақты міндеттемелер, объективті міндеттемелер көрсетілген және кіріспесінде аталғандай, бұл міндеттемелерді «ұжымдық сипатта орындау» тек пайда әкеледі.

Сонымен қатар, Малколм Шоудың жазуынша, конвенцияның нормалары икемделген көзқарас тұрғысынан түсіндірілгенін айтады. Еуропаның Адам құқықтары жөніндегі соты конвенцияны қазіргі заманға лайық түсіндірілуі тиіс маңызды құжат деп атады және мұндай көзқарас конвенцияда аталған құқықтарға ғана емес, сонымен қатар, конвенцияның нормаларын сақтау тетіктеріне де қатысты.

Малколм Шоу конвенция тек қатысушы мемлекеттердің территориясында ғана қолданылмайтынын еске салады. Құжаттың аталған территориядан тыс жерлерде қолдану мәселесі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотында қарастырылған. Сот конвенцияның 1-бабында



аталған «юрисдикция» ұғымына түсініктеме беріп, қатысушы мемлекеттердің қандай да бір тұлғаны конвенцияға қатыспайтын мемлекетке экстрадиция жасау туралы өтініш беру мүмкіндігін және қатысушы мемлекеттің құқықтық актісі өз территориясында немесе одан тыс аумақта орындалған кезде конвенция нормалары территориядан тысқары жерде әсер ететінін мәлімдеді. Мысалы, Сот Лозиду ханым мен Түркия билігі арасындағы істе (Loizidou v. Turkey) конвенцияға қатысушы мемлекет өз мемлекеттік территориясынан тыс жерге билік жүргізіп отырса, ондай билігінің заңсыздығына қарамастан, оның билігін қатысушы мемлекеттің лауазымды тұлғалары мен әкімшілігі жүргізіп отырса, конвенция нормалары қолданылады деген ұйғарымға келді. Бұл шешім Банковичтің Бельгияға қарсы (яғни Banković v. Belgium) ісінде де расталды. Аталған істе сот қатысушы мемлекеттердің конвенция нормасын өз территориясы мен юрисдикциясынан тыс жерде қолдануына айрықша жағдайда ғана рұқсат етілетінін, ал жалпы конвенцияның юрисдикциясы тек қатысушы мемлекеттердің территориясына ғана таралатынын мәлімдеген еді.

Еуропалық әлеуметтік хартия

Хартия ұзақ мерзімді мақсаттар мен шектеулі құқықтардан тұрады. Хартияда еңбек құқықтары және кәсіподақ құқықтары, балалар, әйелдер, мүгедектер, еңбекші мигранттар секілді арнайы топтарды қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, отбасын қорғау құқықтары қамтылған. Хартияны Еуропалық әлеуметтік құқық комитеті жүзеге асырады. Ол алты жыл мерзімге сайланатын он бес тәуелсіз сарапшыдан тұрады. Хартияға қатысушы мемлекеттер оның белгілі бір нормаларын орындағандықтары туралы жыл сайынғы есеп тапсырады. Бұл белгілі бір нормалар мемлекеттер ыңғайлылығы үшін 2007 жылы тақырыптық топтарға бөлінген. Жыл сайын осы топтардың біріне қатысты есеп тапсырылады. Комитет мемлекет тапсырған есептерді зерттейді. Нәтижесінде, өзінің қорытындысын жариялап тұрады. Егер мемлекет комитет шешімін орындамаса, Министрлер комитеті сол мемлекетке ұсыныс енгізеді. 1995 жылғы Қосымша Хаттамада Ұжымдық шағымдар туралы жүйе құрылды, яғни халықаралық ұйымдар мен сауда ұйымдары, өзге де мемлекеттік емес ұйымдар Үкіметтік Комитетпен арнайы тізімге енгізілген. Бұндай ұйымдарда ұлттық өкілдер бар. Олар Хартияның қанағаттанарлықсыз қолдануы туралы шағымдар береді. Сонымен қатар, қатысушы мемлекеттер өз территориясында орналасқан өзге мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарына өзіне қарсы шағым беру құқығын бере алады. Шағымдар Еуропалық әлеуметтік құқық комитетіне тапсырылады. Бұл комитет өз алдына шағымды қабылдау туралы және шағымның мәні бойынша шешім шығарады. Шығарылған шешім Министрлер комитеті мен қатысушы тараптарға жіберіледі. Министрлер комитеті шешім негізінде резолюция қабылдайды.

Азаптауға және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Еуропа конвенциясы

Бұл жаңашыл конвенция 1987 жылы қабылданып, 1989 жылдың 1 ақпанында күшіне енді. Конвенцияның мақсаты – бас бостандығынан айырылған тұлғалардың хал-ахуалына қадағалау орнату, атап айтқанда, оларды азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттердің алдын алу. Конвенция аясында Азаптауға қарсы комитет құрылған. Ол «Еуропа комиссиясы мен Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының сот тетіктерімен қатар жүретін белсенді сот билігінен тыс тетік» болып саналады. Комитетке айғақтарды анықтау және баяндама қабылдауға құқық берілген. Комитеттің бас бостандығынан айырылған адамдарды азаптауға, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер мен жазалауға жол бермеу үшін мерзімдік іссапарға шығып, бас бостандығынан айыру орындарына арнайы барып тексеріс жүргізе алады. Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге мерзімдік іссапар тұрақты жасалады, ал арнайы іссапар комитетке құқықбұзушылық туралы нақты мәлімет келіп түскенде жүзеге асырылады. Дегенмен конвенцияның нағыз жаңашылдығы осы комитеттің нақты мән-жайлар бойынша бас



бостандығынан айыру орындарына кедергісіз бара алатын құзіретінің болуында. Комитет сессиясынан тыс уақытта тығыз мәселелер бойынша бас бостандығынан айыру орнына іссапарға бару жөніндегі мәселені комитеттің атынан бюро (яғни комитеттің президенті мен вице-президенті) шешеді, Қатысушы мемлекеттер комитетке өз юрисдикциясындағы кез келген бас бостандығынан айыру орнына кіруге келісім беруі тиіс.

Алайда мемлекет кейбір айрықша жағдайларда, айталық, мемлекеттік қорғаныс, қоғамдық қауіпсіздік, сотталған адамның медициналық жай-күйіне қарай белгілі бір жерлерге немесе белгілі бір уақыт аралығында комитет іссапарын кейінге шегеру туралы өтініш жасай алады. Жалпы, Комитет өкілдері сотталған адамның өзімен немесе азаптау жайында тиісті мәлімет бере алатын басқа да тұлғамен жеке әңгімелесуге құқылы. Әр іссапардан кейін комитет баяндама әзірлейді. Ол баяндама құпия болады. Тек сол мемлекет жариялауға ұсыныс жасаса ғана жарияланады. Комитет жыл сайын Министрлер комитетіне өз жұмысы жайлы жалпы баяндама жасайды. Ол баяндама Парламент ассамблеясына жолданып, жарияланады.

Жалпы, Комитеттің көзқарасы мен Еуропаның Адам құқықтары жөніндегі конвенциясының арақатынасы айрықша қызықты. Бұдан біз комитеттің қамаудағы адамдар мен оларға қарсы адамгершілікке жатпайтын іс-әрекет туралы көзқарасы әлдеқайда икемделгенін байқаймыз.

Еуропа Кеңесінің аз ұлттарды қорғау туралы шектеулі конвенциясы

Аз ұлттар мәселесі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясында қарастырылады. Нақтырақ айтсақ, ол Конвенцияның 14-бабында кемсітушілікке (дискриминацияға) тыйым салу түрінде көрініс тапқан. Дегенмен Еуропа Кеңесі соңғы жылдары аз ұлттар мәселесімен белсенді айналысып келеді. Мысалы, Еуропаның жергілікті және аймақтық биліктерінің тұрақты конференциясында Аймақтық немесе азшылық топтардың тілдері туралы Еуропа хартиясының мәтіні ұсынылды. Оны Министрлер комитеті қабылдаған. Бұл хартияда аймақтық немесе азшылық топтың тілдерінің қолданыс кеңейтуге бағытталған көптеген шаралар қамтылады. Мысалы, мұндай тілдерде білім беру, сот процесін жүргізу, қоғамдық қызмет, баспасөз, мәдени, экономикалық, әлеуметтік салаларда кеңінен пайдалану туралы айтылған. Хартияның жүзеге асу барысы Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті бекіткен формада Бас хатшыға тұрақты есеп беру арқылы баяндалады. Бас хатшы хартияның қолданылуы жайында Парламент ассамблеясына екі жылда бір рет, егжей-тегжейлі есеп береді. Бұған қоса, Министрлер комитеті кез келген Еуропа Кеңесінің мүшесі емес мемлекетті осы хартияға қосылуға шақыра алады.

Аз ұлттарды қорғау жөніндегі шектеулі конвенцияны Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті 1994 жылғы 10 қарашада қабылдады және 1995 жылдың 1 ақпанында қол қоюға ашық болды. Аталған шектеулі конвенция аз ұлттың өкілі болып табылатын адамдардың заң алдындағы тең екенін айтып, оларды ұлттық азшылық ретінде кемсітуге тыйым салады. Конвенцияға қатысушы мемлекеттер қажет кезде аз ұлттардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени саладағы теңдігін қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндеттелген.

Осы халықаралық шарт аясында тараптар аз ұлттар өкілдерінің өз мәдениетін дамытуға және өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуға, атап айтқанда тілін, дінін, дәстүрін, мәдени мұрасын сақтап қалуына жағдай жасауға келіскен. Аз ұлттарға жататын адамдардың жеке адами құқығын ұжымдық түрде мойындауын құрметтеу керек, ал аз ұлттар мекендейтін аудандарда тараптар мүмкіндігінше олардың өз арасында және өз әкімшіліктерінде ана тілінде сөйлеуіне мүмкіндік жасауға тырысуы қажет. Конвенцияның 15-бабына сәйкес, тараптар аз ұлтта мекендейтін аудандардың географиялық пропорциясын өзгертетін шаралар жүргізбеуге келіскен.

Еуропа Одағы

1957 жылғы Рим шарты Еуропа экономикалық қауымдастығын құрды және бұл құжат өздігінен адам құқықтары жөніндегі шарт болып табылмайды. Дегенмен Еуропа соты



Еуропа қауымдастығының құқығы – бірнеше қайнар көзден пайда болатын жазылмаған құқық деген мәлімдеме жасады. Мысалы, Internationale Handelsgesellschaft (Интернэшнл Хандельсгеселсшафт) ісінде сот былай деп мәлімдеді: «Негізгі құқықтарға құрмет Еуропа соты қорғап отырған құқықтың жалпыға ортақ қағидаттарының ажырамас бөлігі болып табылады». Ал Nold v. Commission (Нолд пен Комитет арасындағы) істе «мүше-мемлекеттердің конституциясында көрсетілген негізгі құқықтарға қайшы келетін шараларды жүзеге асыруға болмайтынына» тоқталады. Сондай-ақ мүше-мемлекеттер қол қойған адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық шарттар Еуропа қауымдастығы шеңберінде басшылыққа алатын жол көрсетуші қағидат болып саналатыны айтылды. Жалпы, бұған Еуропа Одағының қолдауына ие болып отырған Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы, сөзсіз, жарқын мысал бола алады.

1992 жылғы Еуропа Одағы туралы шарт (Маастрихт шарты) Рим шартына өзгеріс енгізіп, Еуропа қауымдастығының негізінде Еуропа Одағының іргетасын қалады. Шартта Еуропа Одағы Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясында аталған «негізгі құқықтарды құрметтейді» және олардың бәрі мемлекеттердің конституциялық дәстүрінен туындағандықтан, «Еуропа қауымдастығының жалпыға ортақ қағидаттары» болып табылады делінген. Шартқа сәйкес, мүше-мемлекеттер «саяси баспана, көші-қон, есірткі, алаяқтық, азаматтық және қылмыстық сот істері, кеден саласындағы ынтымақтастық пен кейбір саяси ынтымақтастық саласындағы мәселелер «ортақ мәселе» ретінде қарастырылады делінген. Осыдан кейін Еуропа қауымдастығы өздерінің сауда және ынтымақтастық туралы саясаттарына адам құқықтары туралы тармақтарын енгізе бастады.

Ал, 1999 жылдың 1 мамырында күшіне енген Амстердам шарты бірнеше ережелер қосты. Мысалы, Еуропа Одағы «мүше-мемлекеттердің бәріне бірдей бостандыққа, демократияға, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, құқық нормаларын, қағидаттарын құрметтеуге негізделіп құрылған» және Еуропа Одағы «Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясында кепілдік берілген «негізгі құқықтарды құрметтейді» деген өзгертулер енгізілген.

Адам құқықтары және негізгі бостандықтар туралы ТМД конвенциясы

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы 1995 жылдың мамырында Адам құқықтары жөніндегі конвенция қабылдады. Бұл конвенцияда адамның көптеген құқықтары қамтылған. Мысалы, өмір сүру құқығы, еркіндік, қауіпсіздік, сот жүйесі алдындағы теңдік, жеке меншік пен отбасы қауіпсіздігі, діни бостандық, пікір білдіру, жиналыс жасау еркіндігі мен некеге отыру құқығы бар. Еңбек ету құқығы әлеуметтік қамту құқығының, ал білім алу құқығы кәмелекетке толмаған әр баланы айрықша қорғау шараларының қатарына енгізілген. Құжат аясында аз ұлттарға жататын адамның өз этникалық, тілдік, діни, мәдени ерекшелігін дамыту құқығы да қорғалған. Сонымен қатар, әрбір адам мемлекет ісіне араласуға, дауыс беруге құқылы. Конвенцияның орындалуын қадағалау Адам құқықтары жөніндегі ТМД комиссиясына жүктелген. Комиссия кез келген жеке тұлға немесе мемлекеттік емес ұйым жолдаған жеке немесе ұжымдық арызды қарай алады.

Бұл ретте ТМД-ға да, Еуропа Кеңесіне де мүше мемлекеттерге қатысты мәселесі туындау мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы резолюция қабылдады. Онда бір мезетте ТМД-ға да, Еуропа Кеңесіне де мүше мемлекеттерге ТМД-ның Конвенциясына қол қоймауға немесе ратификацияламауға шақырды. Ал ондай әрекет жасалса, ТМД-ның Конвенциясы салдарынан Еуропа Конвенциясының процедуралары алмаспайтыны немесе әлсіремейтіні туралы заңдық тұрғыда міндетті өтініш жасау қажет деп ескерту жасады.

Сұрақтар

1. Еуропа әлеуметтік хартиясы бойынша мемлекеттер баяндаманы қалай ұсынады? Баяндамалар қандай ретпен қаралады және салдары қандай болуы мүмкін?



2. Азаптауға және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Еуропа конвенциясы негізінде құрылған комитеттің ерекшелігі неде?

3. Аймақтық немесе азшылық топтардың тілдері туралы Еуропа хартиясының мәтінде қандай аймақтық және азшылық тілдерінің қолданыс аясын кеңейтудің қандай шаралары қабылданған? Жалпы, осындай шаралар арқылы азшылық тілдерін көтермелеуге көзқарасыңыз қандай?

4. Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының ТМД және Еуропа Кеңесіне қатар қатысушы тараптарға қатысты шешімі туралы ойыңыз қандай?

Әдебиеттер

1. Jacobs, White and Ovey: The European Convention on Human Rights (ed. B. Rainey, E. Wicks and C. Ovey), 6th edn, Oxford, 2014.

2. The Oxford Handbook of International Human Rights Law (ed. D. Shelton), Oxford, 2013.

3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 115-139.

4. Malcolm Shaw. International Law p. 210-231.